« БЕКІТЕМІН»_______
Мектеп директоры
Г.А Садвокасова

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы
білім бөлімі бойынша Күншалған ауылының жалпы
орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

# «Күншалған ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
# 2023-2028 жылдарға арналған даму бағдарламасы

Мектепке дейінгі, орта техникалық және
кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру
ұйымдарын дамыту бағдарламасының
құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын
бекіту туралы Қазақстан Республикаы Оқу-
ағарту министрінің 2023 жылғы 28 тамыздағы
№273бұйрығы

ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ


КІРІСПЕ ------------------------------------------------------------------------------------------------------------

I БӨЛІМ. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ПАСПОРТЫ ------------------------------------------------------------------ --------

II БӨЛІМ. АҒЫМДАҒЫ АҚУАЛДЫ ТАЛДАУ

2.1 Мектептің қазіргі жай-күйін, негізгі мәселелерін және олардың себептерін талдау----------------------------

2.2 Педагогтердің білім беру ұйымын дамытудың перспективалары мен бағыттары туралы саралау-----------

2.3 Мектептің алдағы күтілетін салдарын болжау, өзгерістер тәсілдерін ұсыну-------------------------------------

III БӨЛІМ. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МИССИЯСЫ ЖӘНЕ ПАЙЫМЫ

3.1 Ұйымның орны және рөлі----------------------------------------------------------------------------------------------------

3.2 Келешекте мектепте тиімді жұмысты қамтамасыз ету мақсатында дамытудың стратегияларын таңдау-------

IV БӨЛІМ. НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

4.1 Мектептің инновациялық әлеуетін дамыту және оған қол жеткізу---------------------------------------------------


## КІРІСПЕ

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау білім бөлімі бойынша Күншалған жалпы ауылының орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2028 жылдарға арналған дамыту бағдарламасы «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 тамыздағы №273 бұйрығын негізге ала отырып, Қамқоршылық кеңесімен келісіліп, 04.01.2024 жылғы №3 педагогикалық кеңестің қаулысымен бекітілді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қаулысы, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020ж. №130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен), «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 18.03.2008ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023ж. № 96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен), «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.01.2016ж. №70 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023ж. №193 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен), «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 27.01.2016ж. №83 бұйрығы), «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» (ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. № 95 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.10.2022ж. №415 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен), ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жыл 19 қыркүйек №294 «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрықтарды негізге ала отырып әзірленді. Осы Бағдарлама білім беру мекемесінің өзін-өзі дамыту әлеуетін ескере отырып, 2028 жылға дейінгі кезеңге мектепті дамытудың жолдары мен негізгі бағыттарын, мектеп ұжымы қызметінің негізгі бағыттарын айқындайтын стратегиялық құжат болып табылады. 2023-2028 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік білім беру саясатын іске асыру мақсаттарына сәйкес әзірленді және мекеменің перспективасы мен даму жолдарын айқындайтын басқарушылық құжат болып табылады.

Бағдарлама, бір жағынан, білім беру басымдықтарын және ағымдағы уақыттың стратегиялық міндеті-білім беруді жаңғыртудың шараларын айқындайды, екінші жағынан-мектептің білім беру процесіне тікелей қатысушылардың (оқушылардың, педагог қызметкерлердің, ата-аналардың (заңды өкілдердің) білім беру және азаматтық әлеуетін барынша іске асыруын қамтамасыз етеді.

Қазіргі таңда білімге, ғылымға деген қызығуы жоғары, интеллектуалды жастар сомдау өзекті мәселе. Оны шешуге орта мектепте пәнді оқытуда ең алғашқы күннен бастап-ақ оқушылардың пәнге қызығушылығын, ынтасын арттыру керек және де білім беруде сабақты күнделікті өмірмен байланыстыра өту тиімді. Сапалы білім беруде мұғалім міндеті – білім технологиясын бүгінгі күн талабына сай жетілдіру. Бағдарлама бойынша дифференциалдап оқыту, сабақ барысына проблемалы әдісті қолдана білу, сабақтың әр бойында барлық оқушылардың толық жұмыс істеуін қамтамасыз ету, қайталау жұмыстарын шебер ұйымдастыра білу, сабақ барысында әрбір оқушының ерекшеліктерін ескере отыру, олардың белсенді әрекеттерін, әсіресе, ұйымшылдық пен еңбексүйгіштік қасиетін әрі қарай дамыту - әрбір мұғалімнің биік міндеті. Оқушылардың білімін жүйелі тексеріп, бақылап отыру оқушылардың жауапкершілікке, үнемі жұмыс істеуге баулып, оқушы білімінің тиянақтылығын, тереңдігін арттырады. Сондықтан біз өз тәжірибемізде оқушыға сапалы, тиянақты білім беріп, білімділік дағдыларын қалыптастыруда оңайдан қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай оқытудың жүйелілік ұстанымын басшылыққа аламыз, білім тексерудің сан алуан түрлерін қолданамыз. Үлкен бір тарау өткенде білімді жүйеге келтіру, есепке алу өрісін жетілдіру – басты мақсатымыз. Сондай-ақ, «Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту» негізгі мақсаттардың бірі ретінде бағдарламада атап көрсетілген. Мектеп жұмысының негізгі бағыттары: - оқушылардың өзіндік білім алу ортасын құруда заманауи технологиялар арқылы дағды мен іскерлікті қолдана алатын оқушы даярлау; - білім жетілдірудің, таным белсенділігін арттырудың жолдары ретінде оқушылар мен мұғалімдер қосымша білім платформаларын жан-жақты қолдана алу; - заманауи оқытуды ақпаратты техникамен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру жолдары қарастырылады. Оқушылардың білім беріктігін қамтамасыз етуде білім сапалары: - тоқсан сайын әр пәннің оқытылу жағдайын назарда ұстау, педагогикалық кеңес, директор жанындағы кеңес отырыстарда талқылау, БЖБ, ТЖБ, тестілеу қорытындыларды әкімшілік тарапынан жалпылау; - білім сайыстарына қатысу; - оқушылардың және педагогтарға арналған пәндік сайыстарға қатысуды қамтамасыз ету; - пәндік олимпиадаларға даярлау; - жыл көлемінде дарынды оқушылармен жұмыстарды үйлестіруді назарда ұстау; - интеллектуалдық сайыстарға қатысуды назарда ұстау және есепке алу.

| | |
|---|---|
| **Бағдарламаныңатауы** | «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау білім бөлімі бойынша Күншалған ауылының жалпы |

| | |
|---|---|
| | орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2028 жылдарға арналған дамыту бағдарламасы |
| **Бағдарламаныэзірлеуүшін негіздеме** | - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы; - Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Заңы; - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қаулысы; - «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 тамыздағы №273 бұйрығы; - «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен); - «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен); -«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. №193 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен); - «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. №83 бұйрығы); -«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» (ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. №95 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 3.10.2022 ж. №415 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен); -ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жыл19 қыркүйек №294 «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» -Қазақстан |

| | |
|---|---|
| | Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы |
| **Бағдарламаны әзірлеуші** | Жұмыс тобы |
| **Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері** | МақсатыҮздіксізбілім беру жүйесіндекәсіби, интеллектуалдықжәнеәлеуметтікшығармашылыққақабілеті бар азаматтықалыптастыру. Міндеттері: -білімалушыныңзияткерлік, рухани-адамгершілікжәнефизикалықдамуынқамтамасызету; -оқытудыңқауіпсізжәнежайлыортасынқамтамасызету; -білімалушылардыңкреативтікқабілетіндамытуғаықпалжасау; -мектеп, ата-ана, оқушыынтымақтастығыннығайту. -мұғалімдердіңкәсібиқұзыреттеліктерін, цифрлықсауаттылығындамыту; -ұлттықбірыңғайтестілеугежәнеоқужетістіктерінсырттайбағалаужұмысындажүйелідайындаудыңәдістәсілдерінжетілдіру; -оқушылардыңфункционалдықсауаттылығындамыту; -білімалушылардыңэкологиялық, зияткерлік, рухани-адамгершілікжәнефизикалықдамуынқамтамасызету; -дарындыбалалармен жүргізілетінжұмыстыңәдістері мен түрлерінжетілдіру; -мұғалімдердіңавторлықәзірлемелерінжинақталып, әзірлеу; -оқытудыңқауіпсізжәнежайлыортасынқамтамасызету. |
| **Бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдер** | Іске асыру мерзімі 2023 – 2028 жылдар. Дамыту бағдарламасы екі кезеңде іске асырылатын болады: бірінші кезең: 2023 – 2026 жылдар; екінші кезең: 2026 – 2028 жылдар. |
| **Қаржыландырукөздері** | Мектепті  дамытуға жыл сайынғы қаржы бөлуге сұраныс және ҚР заңдарында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздерІ |

II БӨЛІМ. АҒЫМДАҒЫ АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

2.1 Мектептің  қазіргі жай-күйін, негізгі мәселелерін  және олардың себептерін талдау

«Күншалған ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Мекен – жайы: Садуақасұлы Рахман көшесі,11 үй

Байланыс телефоны: 5937291
Электрондық мекен – жайы:kgu.kunshalgan_sh@mail.ru
Мектеп сайты:http://sc0004.ereymentau.aqmoedu.kz/
Оқыту тілі: қазақша
Салынған жылы: 1980 жыл
Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы куәлігі: 1990ж 21.08.
Жобалық қуаты: 2 ауысым /446 орын/
Кітапхана қоры:5989, оның ішінде оқулық 1868.көркем әдебиет-4120
Меншік түрі: Коммуналдық мемлекеттік мекеме
Мектеп: мектепке дейінгі, бастауыш, орта негізгі және жалпы орта білім береді.
Оқушылар саны: 56 оқушы, мұғалімдер саны – 24.
Мектепте ішкі тәртіп ережесі бекітілген, 5 күндік оқу аптасы орнатылған.
Мектептің материалдық – техникалық жабдықталуы: информатика, математика, физика , қазақ тілі, орыс тілі, тарих, бастауыш сынып кабинеттері, интерактивтік тақталар мен жабдықталған.. 50 орындық асхана, темір-ағаш өндеу, технология кабинеттері бар. Спорттық зал барлық құралдармен жабдықталған. 70 орындық акт залы бар. Медициналық кабинеті бар.

Жаңа бағдарламалар бойынша 56 оқушы 100% оқиды. Бастауыш білім-20, Негізгі орта білім бойынша -27 оқушы.Жалпы орта білім бойынша- 9 оқушы.

**Кадрмен қамтылу туралы.**

Мектеп педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілді. Жұмыс жасайтын педагогтардың басым бөлігі жоғары білімді, жоғары санатты және жаңа форматтағы статус иелері болып келеді.

**Кадр бойынша**

| жылдар | Барлық педагог | Білімі | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жоғары | % | Орта арнаулы | % | Жалпы орта |
| 2023-2024 | 24 | 20 | 83% | 4 | 17% | |
| 2024-2025 | 24 | 20 | 83% | 4 | 17% | |
| 2025- 2026 | 24 | 20 | 83% | 4 | 17% | |

**Біліктілік санаты бойынша:**

| жылдар | Барлық педагог | санаты | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Жоғары/педагог-зерттеуші | I/педагог-сарапшы | II/педагог-модератор |
| 2023-2024 | 24 | 3 | 8 | 9 |
| 2024-2025 | 24 | 3 | 8 | 9 |
| 2025- 2026 | 24 | 3 | 8 | 9 |

## Педагогикалық әлеуетті дамыту

2023-2024 оқу жылында мектебімізге жас маман ағылшын мұғалімі келді.Жас маманға жан – жақты әдістемелік көмек берілді.

Мұғалімнің мансаптық өсуінің жаңа жүйесін енгізу арқасында жалақы базалық лауазымдық жалақыдан 30%-дан 50%-ға дейін өсті (педагог, педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер). Мұғалімдерді өзіне тән емес функциялардан босату бойынша шаралар қабылданды. Мектеп педагогтары аудандық білім беру бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген «Үздік авторлық бағдарлама», «Үздік коуч», «Жаңа формациядағы сабақ», «Үздік педагог» байқауларына қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Білім беру мазмұнын жаңартудың қазіргі заманғы үдерістерінде мұғалімнің рөліне ерекше мән бере отырып және білім беру сапасын арттыру мұғалімнің даярлық деңгейі мен кәсібилігіне, оның құзыреттілігіне тікелей байланысты екенін түсіне отырып, жыл бойы педагог кадрлардың курстық қайта даярлаудан өтуіне көп көңіл бөлінеді. Барлық педагог "Өрлеу" БАҰО АҚ филиалы Ақмола облысы бойынша ПҚ БАИ базасында, Педагогикалық шеберлік орталығында педагогтардың біліктілігін арттыру курстарынан өтіп отырады. Барлық 24 мұғалім "Қашықтықтан оқытуды үйренеміз" деп қашықтықтан оқыту онлайн курстарынан өтті.

**Мектепке дейінгі ұйымдар басшыларының, әдіскерлерінің, тәрбиешілерінің жалпы санынан "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік және жоғары білімі бар педагогтердің үлесі**

| № | Нәтижелеркөрсеткіштері | Өлшем бірлігі | 2023 факт | 2024 | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

| р/н | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 19 | АқмолаоблысыБілімбасқармасының Ерейментау ауданыбойыншабілімбөліміңКүншалғанауылыныңжалпыбілімберетін мектебі " КММ жанындағышағын орталық» | % | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | |

**Балалардың қауіпсіз және жайлы өмір сүру жағдайлары, баланың салауатты өмір салтын қалыптастыру.**

Мемлекеттік саясаттың маңызды міндеті-бала кезінен бастап лайықты өмір сүруге және жеке тұлғаның еркін дамуына жағдай жасау.

Шакей ауылынан оқушыларды тегін тасымалдау білім бөлімі есебінен жүзеге асады. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі мен автобуста өзін ұстай білу ережелері бойынша нұсқаулықпен таныстырылды. Шакей ауылынан мектебімізге тасымал бойынша 20 оқушы қамтылған. Оқушылар күнделікті тасымалданады. Балаларды тасымалдау жүзеге асырылатын автобустардың саны – 1 газель автобусы.

Құқық бұзушылықтың алдын-алу іс-шараларына көптеп көңіл бөлініп, біршама жүргізілген профилактикалық жұмыстардың арқасында мектепте ішкі істер органдарында есепте тұрған оқушылар жоқ. Алдағы уақытта да оқушылар және ата-аналармен профилактикалық жұмыс, суицид мәселесі бойынша дәрістер, әңгімелер өткізіліп, жұмыс жүргізілетін болады.

***Осы санаттағы балалардың жалпы санынан жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар тәрбиеленушілерінің үлесі***

Бүгінгі күні мектепте жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, қорғаншылықтағы немесе қамқоршылықтағы балалар жоқ.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға тең жағдайлар мен кедергісіз қолжетімділікті (*пандустар*) қамтамасыз етілген, көтергіштер мен лифттер қамтамасыз ету өзекті болып қалуда.

Білім беру ұйымдары ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар үшін жағдайларды қамтамасыз ету (арнайы жабдықпен, жиһазбен, кадрлармен, оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен, пандустармен, көтергіштермен және т.б. жарақтандыру) бойынша жұмысты жалғастыратын болады.

Әр оқу жылында біліктілікті арттыру курстарынан өту бойынша жұмыс жүргізіледі.

2023 жылы білім беру мониторингінің қорытындысы бойынша 4 және 9-сынып оқушыларының оқу жетістіктері: 4-сыныпта 70 балл, 9-сыныпта 70,5 пайызды құрайды. Жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін мұғалімдерге әдістемелік және практикалық көмек көрсету бойынша жұмыс жалғасады, аналогтық тесттерді өткізу арқылы балаларды дайындау бойынша жұмыс жалғасады.

| № п/п | Нәтижелеркөрсеткіштері | Өлшем бірлігі | 2023 факт | 2024 | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | Жауаптыорындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 23 | АқмолаоблысыБілімбасқармасының Ерейментау ауданыбойыншабілімбөліміңКүншалғанауылыныңжалпыбілімберетінмектебі " КММ» | % | 80,2 | 82,2 | 83 | 84,9 | 86,1 | 95 | |

Қауіпсіз жағдайлардың алдын алу және жасау мақсатында білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйесімен, оның ішінде мектептік ас блоктарымен жарақтандыруды 100% - ға дейін жеткізу, сондай-ақ қолайлы жағдайлармен, қауіпсіз мектептік тасымалдаумен және т. б. қамтамасыз ету жоспарлануда.

**Инклюзивті білім беру**

Инклюзивті білім беру бойынша курстан өткен 2 педагог, Мектебіміз бейне бақылаумен жабдықталған.Жалпы, 24 бейнебақылау камерасы бар, оның ішінде ішкі-14 камера, сыртқы – 10 камера.Бұдан басқа, қауіпсіздік деңгейін арттыру

және іргелес аумақты және мектепті тікелей орталық кіреберісін бақылау үшін турникеттермен жарақтандыру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

***Білім беру сапасын бағалаудың тиімді жүйесін қалыптастыру***

Жаңартылған мазмұн аясында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау критериалды жүйесі енгізіліп, оқушылардың оқу жетістіктерін аймаққа, орналасқан жеріне және оқыту тіліне қарамастан объективті және тең бағалауды қамтамасыз етеді.

**ҰБТ** тапсыру және бағалаудың басқа түрлерінен өту кезінде психологиялық және стресстік факторлар сақталады. Ұлттық бірыңғай тестілеудің статистикалық деректерін талдау жалпы орта білім беруді аяқтау кезеңінде түлектердің орташа балының жоғарылау үрдісін көрсетеді.

2023-2024- 50 %
2024-2025 -66 %
2025-2026---

ҰБТ жылына 4 рет ақылы негізде оқуға түсу үшін өткізіледі. Жоғары білімге қолжетімділікті қамтамасыз етудің баламалы тетігі ретінде негізгі немесе қайта тестілеу нәтижелері бойынша шекті деңгейден өтпеген талапкерлер үшін ЖОО-ға "шартты түрде қабылдау" жүйесі енгізілді.

**Білім алушылардың интеллектуалдық, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету**

Мектепте спорттық 2 секция волейбол және баскетбол, ұлттық ойындарды дамыту бойынша «Тоғызқұмалақ», қазақстандық патриотизмді, азаматтықты қалыптастыру мен дарытуда әскери-патриоттық «Сұңқар» үйірмелері тегін жүргізіледі.

Оқушылардың дене шынықтыру дайындығы үшін мектепте 1 спорт зал және 1 спорттық алаң бар. Мектепте аудан жоспары және мектепішілік жоспар бойынша футбол, баскетбол, волейбол, теннис, тоғызқұмалақ, дойбы, шахмат, асық ойындары бойынша жарыстар өткізіледі.

Облыстық жастар спартакиадасы аясында жыл сайын жарысқа қатысушылардың саны артып келеді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша 20-ден астам бала қатысты.

**Қосымша білім беру ұйымдарына және мектепішілік үйірмелер мен секцияларға қатысатын оқушылардың соңғы 3 жылдық салыстырмалы көрсеткіштері**

| № | Оқу жылы | Оқушылардың жалпы саны | Мектепішілік үйірмелер мен секцияларға қатысатын оқушылар көрсеткіштері | | Пайызы % |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Спорттық секциялар | үйірмелер | |
| 1 | 2023-2024 | 75 | 30 | 15 | 60% |
| 2 | 2024-2025 | 60 | 20 | 15 | 58% |
| 3 | 2025-2026 | 61 | 20 | 17 | 60,5% |

Спорт секцияларымен оқушылардың санын арттыру дене шынықтыру мұғалімдеріне қосымша ақы төлеу есебінен 2024-2025 оқу жылында секция үйірмелерінің санын арттыру жоспарлануда.

Патриоттық тәрбие беру мақсатында мектепте "Жас Ұлан","Жас Қыран", "Адал ұрпақ"балалар қоғамдық ұйымдары жұмыс істейді. Бүгінгі таңда мектепте 56 оқушысы "Жас Ұлан", "Жас Қыран" мүшесі болып табылады. Басқа балалар қозғалысында 18 оқушы қамтылған.

**Білім беруді басқару және қаржыландыру жүйесінің ашықтығы мен тиімділігін арттыру.**

2023-2028 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама шеңберінде мектеп қызметінің тиімділігі мен ашықтығын арттыру үшін алқалы басқару органы: қамқоршылық кеңесі жұмыс атқарады.

## II. Білім беру жүйесін SWOT-талдау:Мектептің сыртқы және ішкі даму перспективаларын бағалау

| **Кадрлықресурстар** | | | |
|---|---|---|---|
| **Ішкікүштіжақтары** | **Ішкіәлсізжақтары** | **Қолайлымүмкіндіктер** | **Сыртқықауіптер (тәуекелдер)** |
| Педагогикалық кадрлар біліктілігінің жоғары | Біліктілігін арттыруға уәждеменің болмауы | Олардың біліктілігін арттыруға уәждемесін | Көшіп – қону жағдайға |

| | | | |
|---|---|---|---|
| деңгейі.<br>Жаңартылған форматтағы біліктілік санаттардың өсуі.<br>Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша, шет тілі бойынша курстар, деңгейлік курстар арқылы біліктілікті арттыру. | кейбір санаттағы педагог ("ескі" шыңдалған адамдар) | арттыру үшін педагогтарды көтермелеу жүйесін құру. | байланысты орта буын пән математика, тарих, биология мұғалімдеріне деген қажеттіліктің өсуі. |
| **Материалдық-техникалықресурстар** | | | |
| **Ішкікүштіжақтары** | **Ішкіәлсізжақтары** | **Қолайлымүмкіндіктер** | **Сыртқықауіптер (тәуекелдер)** |
| Интернет желісінеқосылғанқазіргізаманғыоқукабинеттерінің, компьютерліксыныптардың, спортпенайналысуүшінжағдайлардың, тамақтанумен, медициналыққызметкөрсетуменқамтамасызетудіңболуы. Оқулықтармен, оқу-әдістемелікәдебиеттерменқамтамасызетілуі. | Ерекше балалардың қажеттілігіне бейімделген кедергісіз білім беру ортасының талапқа толық сәйкес еместігі.<br>Мектеп қауіпсіздігін бақылау жүйесі орталықтандырылмаған. | Компьютерлік парктің жаңартылуы. Онлайн-оқыту үшін Интернетті пайдалану мүмкіндіктері | Ерекше балалардың қажеттіліктеріне бейімделген кедергісіз білім беру ортасын құру үшін жеткіліксіз қаржыландыру. |
| **Ақпараттықресурстар** | | | |

**Дамыту бағдарламасының негізінде 2028 жылы күтілетін нәтижелер**

| | |
|---|---|
| Күтілетіннәтижелер |  Мұғалімдердің шығармашылық қабілетінің артуына жағдай жасалынып, оқу-әдістемелік кешендерді шығару артады;  Мұғалімдердің әзірлеген жинақтары, бағдарламалар мен әдістемелік құралдары жинақталады;  Мұғалімдердің цифрлік технологияларды сенімді, тиімді қолдануға дайындығы және қабілеті қалыптасады;  Үздік педагогтар жұмысы насихатталады;  Олимпиада мен ғылыми жобалар жеңімпаздардың республикалық, халықаралық үлесі артады;  Оқушылардың функционалдық сауаттылығы артады;  Ұлттық бірыңғай тестілеу мен оқу жетістіктерін сырттай бағалау көрсеткіштері артады;  Білім алушылардың қоршаған ортаға деген қөзқарастары өзгереді;  Кітапхана әр оқырман үшін үздіксіз жұмыс алаңына айналады;  Оқырман ата-аналар үшін, үнемі түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады және белсенділігі артады;  Физика, химия, биология, информатика кабинеттерін заман талабына сай модернизациялау жасалады;  Оқушылар өзіндік білім алу ортасын құрауда заманауи технологиялар арқылы дағды мен іскерлікті қолдана алады;  Білім жетілдірудің, таным белсенділігін арттырудың жолдары ретінде оқушылар мен мұғалімдер қосымша білім платформаларын жан-жақты қолдана алады;  Заманауи оқытуды цифрлы оқытумен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру жолдары қарастырылады;  Мектеп маңызды жобалар жасалып іске |

| | |
|---|---|
| | асырылады; ⎫ Үздіксіз білім беру жүйесінде кәсіби, интеллектуалдық және әлеуметтік шығармашылыққа қабілеті бар азамат 7-міндет. Педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу 1 Авторлық бағдарламалар, әдістемелік құралдар, пән бойынша тапсырмалар жинақтарын баспа бетіне шығару үлесі Сандық 6 7 8 9 10 2 Цифрлық қызмет сапасын арттыру Жылдық % 30% 35% 40% 45% 50% 3 Педагогикалық шеберлік деңгейі бар педагогтердің үлесі Жылдық % 25% 30% 35% 40% 45% 21 қалыптасады; ⎫ «Цифрлық мектеп-гимназия» білім саласын автоматтандырудың бірегей жобасы іске асады; ⎫ Білім беру жүйесі негізгі үш бағыт бойынша:білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контенті, білім беруді басқаруды цифрландыру жүргізіледі. |